

7-8 маусымда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Балалар әлемі: кітаптан өмірлік мұратқа» атты балалар жазушыларының халықаралық форумы өткізілді.

Балалар оқуы, балалар кітаптарын шығару, авторлық құқық және т.б. мәселелер бойынша 200-ден астам адам дебаттық сайыстарға белсене қатысты.

Форумға балалар жазушылары, Қазақстан мен алыс және жақын шет елдердің шығармашылық зияткерлерінің өкілдері, балалар оқуы мен балалар әдебиетін зерттейтін ғалымдар, Ресей мен Қазақстанның балалар мен жасөспірімдер кітапханаларының басшылары мен мамандары, журналистер, мәдени және білім беру мекемелерінің басшылары қатысты.

Қарағанды облысынан форумға Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының өкілдері: кітапхана басшысы Б.Уатаева, әдіскер М.Подгайнова, болім басшысы К.Калиева, жас кітапханашылар И.Черникова, Ж.Ыбраим қатысты.

«Заманауи балалар әдебиеті: автор, аудармашы, оқырман» секциясында Б.Уатаева «Балалар кітапханасы және елдің интеллектуалды болашағы: кейбір мәселелері мен шешу жолдары» баяндамасымен сөз сөйледі.

Мәженова Райхан, Кошым-Ногай Байбота, Калка Нұрлан, Тореханова Зәуре, Әлімжанов Баянғали, Жанайдаров Орынбай, Шаймерденова Нұрсұл, Әбдірайым Толымбек сияқты Қазақстан жазушылары және басқалары «Жазушы, баспа, кітапхана: өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық басымдылықтары» секциясында проблемалық мәселелерді көтерді.

Ақын, драматург Б.Әлімжановпен, «Дарабоз» халықаралық сыйлықтың лауреаты Д.Джумагельдиновамен, ресей жазушысы И.Краевамен, «Оранжевый верблюд» балалар сайтының авторы Л.Бондаревпен, Белорус балалар жазушысы Е.Стельмахпен, Вена университетінің лекторы Э.Хавранекпен шығармашылық кездесулер өткізілді. Ұлыбританиядан келген маман Джил Браун «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» шеберлік сағат өткізді.

Форум сонында қатысушыларға сертификаттар берілді, орта және жоғары сынып жасындағы оқушыларға қызмет көрсету бөлімінің басшысы К.Калиеваға ҚР ҰҚА-ның «Кітапхана ісінің шебері» тосбелгісі табыс етілді.

[widgetkit id=546]

### **Жеке пікірі**

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы 7-8 маусым күндері ҚР Мәдениет және спорт министрілігінің қолдауымен Астана қаласының 20 жылдығына «Балалар әлемі: кітаптан өмірлік мұратқа» атты Халықаралық балалар жазушыларының форумы өтті.

Форумын балаларды кітап оқуға ынталандыру, қазақ және әлем әдебиетінің классиктері мен қазіргі заман жазушыларын көпшілікке таныту, отбасылық оқуды насихаттауға бағытталған ұлттық бағдарламаларды әзірлеу және енгізу мәселесі талқыланды. Шарада әр елден және өз еліміздің балалар жазушылары С.Бакытбек, Н.Ақыш, О.Бондаренко, Ә. Хварнек, Джил Браун қатысты.

Мен осы форумға қатысқанымға қуаныштымын, және де осындай форумдар жиі өткізіліп тұрса екен. Форум жабылуы салтанатты түрде өз мәресіне жетті. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының қызметкерлері қала бойынша және ұлттық музей, этноауылға экскурсия жүргізді.

### **Ыбраһим Жайна,**

Орта және жоғарғы сынып оқушыларына

қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы

